# SHÁKÁRIM SHAŃYRAǴY

Ақпараттық-танымдық басылым

2021 жыл. №4 (128) мамыр


## ҚҰРМЕТТІ МЕКТЕП БІТІРУШІЛЕР!

Бүгін соңғы қоңырау! Бұл сендер үшін де, әрқайсыларыңның ата-аналарың үшін де, ұстаздар үшін де аса бір қуанышты күн!

Соңғы қоңырау – қимастық сезімдерді оятатын сәт!

11 жыл білім нәрін жүрекке құйған алтын ұя мектебіңмен қоштасу, сені екінші анаңдай, әкеңдей мәпелеп бағып-қаққан, өмірге шыңдаған, адам етіп қалыптастырған ардақты ұстаздарыңды қимау, ата-ананың бауырынан шығып, ересек өмірге қадам басу, балалықтың ауылынан ұзап шығу – міне, осының бәрі-бәрі соңғы қоңыраудың үніне байланған өмір сыңғыры.

*Мектебің мынау класың,*
*Осында он жыл тұрасың,*
*Тарыдай болып кіресің,*
*Таудай болып шығасың,* - деген тақпақты айтып алақандай ауылдағы мектебімнің табалдырығын аттағаным әлі есімде....

Осы бір өмірдің сан тарау жолы сендерді қол бұлғап шақыруда. Меніңше адам өмірінде үш нәрсені таңдауда қателік жібермеуі керек. Біріншісі – мамандық таңдауда, екіншісі – есейгенде ұстаз таңдауда, үшіншісі – өмірлік жар таңдауда.

«Өмір» атты тылсымы терең әлемге қанат қаққанның бәрі биікке ұшпайды. Биікті білектілер емес, білімділер ғана бағындыратын заман. Оның кілті мамандық таңдаудан басталады. Қандай ел, қандай оқу, қандай мамандық таңдасаңдар да Қазақ Елін ұшпаққа шығарамын деген мақсатты ұстаныңдар, жас Достар!

*Жерде қалмай ұстаздың тілектері,*
*Үміттерің ақталсын жүректегі.*
*Жолдарың ақ, болашақ жарқын болсын,*
*Бүгінгінің Алтын ұя Түлектері!*

Баршаларыңа сәттілік! Талмаңдар, самғаңдар, құрметті түлектер!



## SHAKARIM UNIVERSITY ҮШІНШІ ДӘУІР УНИВЕРСИТЕТІ

***«Үлкен мен кіші білімде теңеседі».***
***Құнанбай Өскенбайұлы***

***Шәкәрім шаңырағында «Күміс университет» жобасының ашылу салтанаты өтті.***

Кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау орталығының ұйымдастыруымен Шәкәрім атындағы университет жанынан зейнеткерлерге арналған университет ашылды.

Рәсімге Басқарма мүшелері ғылым және инновация жөніндегі проректор Ә.Л.Қасенов, Әлеуметтік және тәрбие жұмысы жөніндегі проректор Б. Иісбекұлы мен Академиялық мәселелер жөніндегі проректор И.А.Оралкановалар қатысты.

*«Адам ешқашан дамуды тоқтатпайды. Алайда, жасына байланысты мұны жасау қиынға соғады. Егде жастағы адамдарда белсенді өмір сүруге деген ықыласы мен физикалық мүмкіндігі болса да, жастарға қарағанда өзін-өзі тану мүмкіндігі аз. Бақытымызға орай, бүгінде жағдай жақсы жаққа өзгере бастады. Осындай өзгерістердің бірі – «Күміс университет»жобасы,-* деп атап өтті Б.Иісбек.




«Үшінші жастағы университет» жобасы – Семей қаласының Шәкәрім атындағы университетінің кәсіби дамуын, әлеуметтік белсенділігін және өмір сүру сапасын арттыру мақсатында аға буын азаматтарын қолдауға бағытталған қызметінің жаңа формасы.

Аталмыш білім ордасының негізгі мақсаты - карт адамдардың толыққанды және лайықты өмір сүруі үшін жағдай жасау; шығармашылық және әлеуметтік белсенділік саласына тарту, құқықтық сауаттылықты арттыру болып табылады.

**Оқу орны қызметі 8 кластер және 34 бағыт бойынша жүзеге асырылады:**

Цифрлық сауаттылық: IT технологиялар, Компьютерлік сауаттылық негіздері, интернет әліппесі, цифрлық көмек.

Психологиялық денсаулық: жеке даму психологиясы, балалар және немерелермен қарым-қатынас психологиясы, арт-терапия (сурет, құм терапиясы);

Заң аясында: құқықтық сауаттылық, мұрагерлік мәселелерін шешуде мүдделерді қорғау, өсиет жасау.

Экономикалық: бюджетті жүргізу үшін қаржылық сауаттылық негіздері.

Музыка және дизайн: вокал, музыкалық аспаптарда ойнау, би; сурет салу, кесте тігу.

Денсаулық және қауіпсіздік: емдік тамақтану, диетология негіздері, емдік дене шынықтыру, шахматты үйрету, салауатты өмір салты.

Тіл курстары: қазақ, ағылшын, орыс, түрік.

Ветеринария және агроменеджмент (үй жануарларын күту курстары: өсіру, селекция, генетика; бау-бақша, гүл өсіру, ормантану).

Курстар білім беру бағдарламалары бойынша 12-ден 36 сағатқа дейінгі көлемде өткізілетін болады. Теориялық және тәжірибелік сабақтарды, шеберлік сыныптар, тренингтерді, оқытудың жеке және топтық нысандары бойынша пікірталастарды қашықтықтан өткізу қарастырылған. Курстар тегін жүргізіледі.

Оқуға қабылдану үшін өтініш толтырады. Оқуды сәтті аяқтағаннан кейін ерекше студенттерге оқуды аяқтағанын растайтын сертификат беріледі.

***Жансая ТӨЛЕУҒАЗЫ***
***журналист***

SHÁKÁRIM SHAŃYRAǴY
2021 жыл №4 (128) мамыр

# 3D-ПРИНТЕР - РАЗРАБОТКА СТУДЕНТА

***Молодой человек. Он у порога в большую жизнь. Кто бы измерил порыв его сердца. Он соразмерен с ураганом. Кто бы представил его растерянность перед выбором дорог… Если человек ограничивается желанием сделать руки мастеровыми, пожалуйста - терпение и труд! Но если мозг диктует свои требования – учитывать его стремления и способности, проблема усугубляется. Тут умелые руки – лишь помощники науки. Человеку вообще свойственно дерзать, а не растраченная энергия молодости стократ усиливает дерзновение. Выбирая свой жизненный путь, надо учитывать количество и качество пороха в пороховницах.***



Этот разговор пойдет с теми, кто четко определил свои возможности и стремления. Тут спонтанные решения просто недопустимы. У кого-то может мозг работать в гуманитарном направлении, у другого он тянется к точным наукам. И какой бы заманчивой ни казалась дорога, необходимо всесторонне взвесить твоя ли она. Во-первых, любые технические науки требуют знания математики, физики. Не надо думать, что главное поступить, а в процессе учебы можно восполнить пробелы в знаниях. К сожалению, университетские годы – не резинка. Надо успеть загрузить мозг более сложными разделами науки.

Ну, а если шаг был выверенным и точным, открывается мир фантазии, которые абсолютно точно можно воплотить в жизнь. Достаточно оглянуться, всмотреться, как изменила наш быт техническая наука. Две секунды, и ты говоришь с приятелем, находящимся на обратной стороне земного шара. Да, чего рассматривать быт? Человек в космосе!



В Университете имени Шакарима города Семей есть кафедра «Технологическое оборудование и машиностроение».

Совсем недавно в университете прошла научная неделя, которая продемонстрировала достижения учебного заведения. Была организована выставка «SHAKARIM INNO-2021», на которой, среди других, заслуживали большого внимания установка для производства капсулированных биологически- активных добавок, а также 3D- принтер, вместе с дополнительным оборудованием к нему. Хочется сказать для несведущих, что 3D- принтер это очень сложный, многогранный рабочий инструмент для изготовления изделий из пластика. Это могут быть детали к оборудованию, что, кстати, не купишь ни на каком рынке, изделия бытового назначения, инструментов для мастерской, игрушек. Всего не перечислишь. К примеру, хочется сварить садовую скамейку с выдвижным столиком из металла. Сварил, в чем- то ошибся, и зря потеряно время, испорчен материал. На принтере можно сделать точную модель этой скамейки и затем это уже воплотить в натуральном размере из металла.

Работа с принтером позволит вывести студентов на новый уровень развития творческих успехов.

Хочется отметить, что появление 3D- принтера на кафедре интересно еще тем, что он не куплен, а изготовлен автором изделия собственноручно из того, что было под рукой. Так, корпус изготовлен из ДСП, направляющие валы взяты иззаброшенных нерабочих принтеров. В качестве винтов использованы строительные шпильки. Стол принтера собран из обрезков алюминиевых уголков. Блок питания вынут из старого компьютера. В общем, дешево и сердито. А вот материалы для печати на 3D- принтере очень дорогие. Один килограмм пластикового прутка стоит от 5 до 12 тысяч тенге. Найден выход из положения. Автор изготовил установку для получения прутка с помощью обычных пластиковых бутылок из под напитков, а у нас их хоть пруд пруди. Одновременно решается экологическая проблема утилизации пластиковой посуды. Двойная польза.

Надо сказать, студентов приятно удивила возможность изготовления этого сложнейшего оборудования с такой легкостью, да еще из вторичного материала. И не только удивила: они поняли, как важны знания, которые они приобретают на кафедре. Так можно и блоху подковать! Появляется стимул приобретать глубокие знания.

Перед автором встала еще одна проблема. С одной литровой бутылки выходит примерно 7-10 метров такого прутка. Этого хватит лишь на небольшие детали. Пришлось решать проблему спаивания нескольких прутков в одно целое. Есть задумка разработки универсального экструдера, который будет плавить пластик. Это даст возможность изготавливать пруток более качественно и любой длины. Но это уже будет целая технологическая линия.

Построение такой линии на базе университета привлечет к решению проблемы не только будущих инженеров - механиков, но и технологов, химиков. Это позволит студентам почувствовать взаимосвязь наук. Растет уровень творческих способностей. Они, по сути, становятся изобретателями. Вырабатывается умение сочетать полученные знания с приобретенными навыками обращения с техникой. Успехи утверждают уверенность в своих силах, а значит, повлекут за собой новые идеи.

Процесс обучения на кафедре не покажется изнурительным и долгим, потому что творческий поиск приносит радость.

Преподаватели кафедры приветствуют любой творческий порыв студента и готовы предоставить максимум возможностей для осуществления замысла.

***Надир ИБРАГИМОВ***
***кандидат технических наук***

# ИЗРАИЛЬ ЕЛШІСІН ҚАБЫЛДАДЫ



***Таяуда Шәкәрім университетіне Израиль мемлекетінің елшісі Лиат Вексельман келді.***

Кездесуге Израиль Мемлекетінің Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Лиат Вексельман, Семей қаласы әкімінің орынбасары Айдар Садырбаев және Басқарма төрағасы – Ректор Бауыржан Аманкелдіұлы Ердембеков бастаған құрылымдық бөлім басшылары қатысты.

Сапар барысында ынтымақтастықты одан әрі дамыту мақсатында университеттің ғылыми жобалары талқыланды.

Оқу орнының ғылыми қоғамдастығы қолданбалы зерттеулерді, академиялық және әлеуметтік жобаларды іске асыруда озық израильдік технологияларды трансферттеуге қызығушылығын білдірді.

Білім ордасы «MASHAV» және т.б. сияқты бағдарламаларды іске асыруға мүдделі. ЖОО-ның ғылыми тобы бірлескен ғылыми зерттеулер мен ғылыми нәтижелерді жариялауды, стартап-жобаларды дамытуды ұсынды.

Жиын соңында екі тарап ортақ жобаларды талқылап, екі ел арасындағы ынтымақтастықтың маңыздылығын тереңдетті.

# «ЕР ҚАЗАҚ» КІТАБЫНЫҢ ТҰСАУКЕСЕРІ ӨТТІ

***«ЕР ҚАЗАҚ ЕЖЕЛДЕН ЕРКІНДІК АҢСАҒАН...»***

***Қ.Мұхамедханов***

Шәкәрім университетінде абайтанушы ғалым, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Қайым Мұхамедханов өміріне арналған деректі «Ер қазақ» кітабының тұсауы кесілді. Еңбектің авторы Семей қаласының құрметті азаматы, Шәкәрім университетінің құрметті профессоры, Қазақстан Жазушылар одағының басқарма мүшесі Дәулет Сейсенұлы.

Шараға Нұрсұлтан, Алматы, Семей шаһарынан зиялы қауым мен белгілі ғалымдар қатысты. Әлемдік пандемияға байланысты қонақтарымыздың 70 пайызы ZOOM платформасы арқылы онлайн режимде болды.

Рәсімді Басқарма мүшесі – ғылым және инновация жөніндегі проректор Ә.Қасенов бастап ашып, білім ордасының басшылығы атынан жазушының иығына ұлттық шапан жапты.

*«Басқарма төрағасы – Ректор Бауыржан Аманкелдіұлы мен Шәкәрім университеті ұжымының атынан сізге шығармашылық табыс тілейміз. Болашақта ұрпаққа үлгі болар әр туындыңыздың тұсауын кесуге, қолдау көрсетуге біздің білім ордасы әр қашан дайын. Бұл - іс сапармен жүрген университет басшысының тікелей сәлемі. Еңбегіңіз өркендей берсін!»*,- деді Әміржан Леонидұлы.

Салтанаттың ашылуынан кейін бірінші құттықтау сөз Семей қаласы әкімінің орынбасары Айдар Серікқазыұлына берілді. *«Дәулет аға, сіз ұрпақтың көзін ашып, бағыт-бағдар беріп жүрген тұлғаларымыздың бірісіз. Еренбегін бағалау - ел ісінің басында жүрген мемлекеттік органның бір міндеті»* - деп қорытындылаған әкім орынбасары кітап авторын «Қалаға сіңірген еңбегі үшін» тағылатын Семей қаласы әкімінің төс белгісімен марапаттады.



Аталмыш еңбектің құндылығын ғылыми тұрғыда талдап берген Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор А.Еспенбетовтың пікірі салтанатты жиын мазмұнын салмақтап берді. Ғалым сөзін: «Көрнекті абайтанушы ғалым Қайым Мухамедханов туралы деректі «Ер қазақ» кітабы Қайым тұлғасының бар болмыс-бітімін ашатын еңбек» деп қорытындылады.

Республикалық «Абай Құнанбаев» қоғамдық қорының президенті О.Кәрібжанов, «Абай» журналының бас редакторы М.Оспанов пен Қазақстан Жазушылар одағының Семей өңірі филиалының төрағасы М. Қарт бүгінгі шара себепкері Дәулет Сейсенұлын құттықтай келе, еңбек жайлы өз ойларымен бөлісті.

Абайдың 175 жылдығына орай шығарылған туынды үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлім Алаш арыстарының ардақтысы атанған айтулы халық ағартушысы, белгілі меценат Мұхамедхан туралы әңгімемен басталып, Семейде ту тіккен Алашорда үкіметінің тарихымен жалғасады.

*«Кітапты оқи отырып мына жолдарды кездестірдім. «Әлсін әлі қайталанып отырған отызыншы жылдардағы зұлматтан Сейітқұловтар әулеті көз ашпаған десе де болады. Айталық Мұхамедхан 1932 жылы қайтадан кәпеске ілігеді. Сол жылы боз бала Қайым да әкесімен бірге он күнге қамауға алынады». 16 жасар Қайымның қамауға алынуы туралы жаңа бір дерек Қайым шығармашылығын зерттеуде негізге алар дүниелердің бірі болмақ»*,- деді филология ғылымдарының кандидаты А.Смағұлова.

Деректі кітап Қайым Мұхамедханұлының нәр алып өскен ортасы, өмір жолы, шығармашылық кезеңін қамтиды.

Кеш Қайым Мұхамедханұлының «Рухымыз таза, ұйқың тыныш болсын» деген баталы сөзімен аяқталды.

***Еркебұлан МҰҚАШЕВ***
***Медиа орталығының басшысы***




# ШЫҒЫС АЙМАҚТЫҚ РЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ҚҰРЫЛДЫ

***ҚР Білім және ғылым министрі А.Қ.Аймағамбетов аймақтық жоғары оқу орындары арасында консультативтік -кеңесші орган болып табылатын Кеңес құрылуы керектігін айтқан болатын. Осы орайда 18 мамыр күні Шәкәрім университетінде онлайн форматында Шығыс аймақтық Ректорлар Кеңесі өтті.***

Жиынға Қазақстанның шығыс аймағындағы ЖОО-ның басшылары қатысып, Кеңестің құрылу мақсатын мақұлдады және бастамаға бір кісідей қолдау көрсетті. Бірінші кезекте Кеңестің дербес құрамы бекітілді.

**Олар:**

«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» КеАҚ Басқарма төрағасы - Ректор Шаймарданов Жасұлан Құдайбергенұлы.

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ Басқарма төрағасы - Ректор Ердембеков Бауыржан Аманкелдіұлы.

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің Ректоры Құрманбаева Шырын Асылханқызы.

«С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КеАҚ Басқарма төрағасы - Ректор Төлеген Мұхтар Әділбекұлы.

«Семей медицина университеті» КеАҚ Басқарма төрағасы - Ректор Жунусов Ерсін Турсынханұлы.

Қазақстан-Американдық еркін Университетінің Президенті Мәмбетказиев Ережеп Әлхайырұлы.

Қазақстан инновациялық академиясының Ректоры Қадыров Берік Каипханұлы.

«Торайғыров университеті» КеАҚ Басқарма төрағасы – Ректор м.а. Ержанов Нұрлан Тельманұлы.

«Павлодар педагогикалық университеті» КеАҚ Басқарма төрағасы – Ректор Жилбаев Жанбол Октябрович.

Инновациялық еуразия университетінің Ректоры Никитин Евгений Борисович.

Академик Қ.Сәтбаев атындағы Екібастұз инженерлік-техникалық институтының Ректоры Сиваракша Далида Маратовна

Күн тәртібі бойынша өткен сайлауда Шығыс аймақтық Ректорлар Кеңесінің төрағасы болып бірауыздан Шәкәрім университетінің Басқарма төрағасы - Ректор Бауыржан Амангелдіұлы Ердембеков тағайындалды.

Сондай-ақ, Шығыс аймақтық ЖОО-ның Ректорлар Кеңесі туралы ереже қабылданды. Бұл ереже Кеңестің құқықтық мәртебесін және оған жүктелген функцияларды іске асыру тәртібін айқындайды.

Кеңес өңірлік жоғары оқу орындарының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді дамыту мәселелері бойынша қызметін үйлестіру, оқу үрдісін, ғылыми жұмысты ұйымдастыру, ғылыми -педагогикалық кадрлардың және басқа да қызметкерлердің біліктілігін арттыру бойынша оң тәжірибені жинақтау және тарату, жоғары білім беру жүйесін жетілдіру, өңір мен елдің білікті мамандарға қажеттілігін қамтамасыз ету, сондай-ақ ЖОО ұжымдарын мүшелерін әлеуметтік қолдау мен қорғау мақсатында құрылды.

Аталмыш кеңестің басты міндеті студенттердің, магистранттардың, докторанттардың, тыңдаушылардың, оқытушылардың және ЖОО-ның басқа қызметкерлерінің әлеуметтік әл-ауқатын жақсарту бойынша іс-шаралар мен ұсыныстарды әзірлеу болып табылады.

Қазақстан-Американдық еркін Университетінің Президенті Мәмбетказиев Ережеп Әлхайырұлы келешекте мұндай кездесуді жоспарлы түрде және тұрақты негізде өткізу керектігін атап өтті.

Сөз соңында Ректор Бауыржан Амангелдіұлы Ердембеков: «Әр адамның өз жаңашылдығы мен өзіндік ұйымдастырушылық қабілеті болады ғой. Сондықтан аталмыш Кеңес төрағалығын бір адам ғана үздіксіз басқармай, төрағалық бір жылда немесе екі жылда бір сайланып отырса. Екіншіден Ректорлар Кеңесінде қозғалған бүгінгі мәселелер Республикалық Ректорлар Кеңесінде де талқыланып, Министрлікке де салмақты проблемаларды жеткізе білсек қана Кеңес өз мақсатына жетеді деп ойлаймын», – деп қорытындылады.

## НОВАЯ ПОБЕДА В КОНКУРСЕ ГРАНТОВОГО ФИНАНСИРОВАНИЯ НАУЧНЫХ ПРОЕКТОВ

Наследие Абая представляет собой огромный пласт для научных исследований. Систематические исследования в этой области являются весьма актуальными и не ограничиваются юбилейными и памятными датами.

Научный коллектив под руководством профессора Б.Ердембекова открывает новые грани великого наследия Абая и в последние несколько лет проводит систематические научные исследования. Так, в 2020 году одобрен Национальным научным советом к финансированию и в настоящее время близится к завершению проект «Проектирование и создание многофункционального web-приложения произведения Абая».




Вместе с тем в год празднования 175-летия Абая коллективом подготовлена заявка по теме «Рукопись произведений Абая: исследование с точки зрения языковых тенденций».

Основная идея проекта заключается в повторной транскрипции произведений Абая с учетом языковых тенденций, исследовании, введении рукописи в научный оборот не только как литературного материала, но и как языкового материала, отражающего тенденции развития языка. Планируется опубликование статьи в высокорецензируемых научных журналах и научной монографии.

17 мая 2021 года на заседании Национального научного совета по направлению науки «Исследования в области социальных и гуманитарных наук» указанная заявка одобрена к финансированию. Следует отметить, что данный проект был высоко оценен международными научными экспертами и набрал 35 баллов из 36 возможных.

Поздравляем научный коллектив НАО «Университет имени Шакарима» под руководством профессора Ердембекова Б.А. и желаем новых научных свершений.

Указанные научные проекты будут выполнены на базе научного центра «Абай және ұлттық руханият», который функционирует на базе университета.

***Эльдар РАФИКОВ***

# КОНДИТЕРЛІК ФАБРИКАМЕН КЕЗДЕСУ



«KondiZ» кондитер фабрикасы - Қазақстан Республикасындағы ең жас және қарқынды дамып келе жатқан кондитерлік кәсіпорындардың бірі. Оның негізі 2013 жылы қаланып, 2014 жылдың наурызында алғашқы өнімін шығарды. Бүгінде компания өз өнімдерін Қазақстан Республикасының барлық аймақтарына жеткізіп, сонымен қоса Ресей Федерациясы, Қырғызстан, Тәжікстан елдеріне де экспорттайды. PADOVANIS R.L. (Италия), Werner& Pfleiderer (Германия), CAKECONCEPT (Голландия), SIEMENS (Германия) сияқты серіктес компаниялардың арқасында қазіргі құралдардың техникалық деңгейі өте жоғары. Немістің «Werner & Pfeiderer» компаниясының технологиялық жабдығы ТМД бойынша «KondiZ» фабрикасында ғана орнатылған. Тұтастай алғанда, осы жабдықтар өндірістің нарықтық сұраныстарына тез жауап беруіне мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта өнімдердің кең ассортименті, сонымен қатар жаңа әзірлеу және енгізу бойынша белсенді жұмыстар жүргізілуінің арқасында, «KondiZ» ЖШС Қазақстан Республикасының кондитерлік өнімдер нарығында қарқынды дамып келе жатқан өндірістік кәсіпорын.

Фабрикада 200-ден астам қызметкер жұмыс атқарады. Кәсіпорынның өндірістік қуаты – жылына 22000 тонна ұннан жасалған кондитерлік өнімді шығаруға дейін жетеді. Айта кетерліктей, бүгінгі күні фабрика 100-ден астам печенье түрлерін шығарады.

Шәкәрім университетінің делегациясы да «KondiZ» кондитерлік фабрикасында кездесу өткізді. Сапардың басты мақсаты – студенттер арасында кәсіби құзыреттілікті қалыптастыратын тәжірибеге бағытталған оқытуды, қазіргі кезде жұмыс берушілердің еңбек нарығында сұранысқа ие практикалық жұмыстарды танымал ету болды.

Кездесу барысында Басқарма Төрағасы – Ректор Бауыржан Амангелдіұлы Ердембеков пен кондитер фабрикасының бас директоры Вячеслав Талья білім, ғылым және өндіріс интеграциясының өзекті мәселелерін талқылады. Дуалды оқыту жүйесін бірлесіп дамыту, білім беру бағдарламалары бойынша студенттерді даярлау сапасын арттыру мәселелері көтерілді. Іс-шара соңында келісімшартқа қол қойылды.

***Аружан МАҒАТ***
***«Shakarim Press» жас тілшісі***

# ДЕБАТ ТУРНИРЛЕРІНІҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ РЕКТОР ГРАНТТАРЫН АЛА АЛАДЫ

Дебат ойындарының белсенді қатысушыларымен кездесу барысында ведомство басшысы Асхат Аймағамбетов елімізде оқушылар мен студенттер арасындағы дебат қозғалысы қайта жанданып жатқанын және дебаттар мектеп, колледж, жоғары оқу орындарындағы тәрбие жұмысының ажырамас бөлігіне айналатынын атап өтті. Кездесуге республиканың барлық ауданы мен қаласынан дебат үйлестірушілері, білім басқармаларының басшылары, жоғары оқу орындарының проректорлары, мектеп және студенттік дебат клубтарының белсенді дебатерлері шақырылды.

Білім және ғылым министрлігі Қазақстанда дебат қозғалысын дамыту тұжырымдамасын және оқушылар, студенттер арасында дебат турнирлерін өткізу қағидаларын әзірледі. Жаттықтырушыларды даярлау бойынша жұмыс жүргізіліп, дебат клубтары ашылып жатыр.

"Дебатты ойын ретінде емес, білім беру технологиясы деп қабылдауымыз қажет. Сондықтан бұл қозғалысты белсенді түрде дамытып жатырмыз. Біз Қазақстанда дебат қозғалысын дамыту тұжырымдамасын және оқушылар мен студенттер арасында дебат турнирлерін өткізу қағидаларын әзірледік. Министрліктің "Оқуға құштар мектеп", "Мектептегі және студенттік өзін-өзі басқару" сияқты жобаларымен бірге "Дебаттар" жобасына да барлық білім беру ұйымында баса мән берілуі тиіс", – деді министр Асхат Аймағамбетов.

Сондай-ақ БҒМ басшысы студенттік жылдары өзі де дебат ойындарына белсенді қатысқанын тілге тиек етіп, балалармен өз тәжірибесімен бөлісті.

"Дебат адам бойында маңызды дағдыларды қалыптастырады. Мәселен, бұл тәжірибе маған көп пайдасын тигізді және қазір жұмыс барысында да көмектеседі. Сондықтан балалардың сыни ойлау қабілетін дамыту, командада жұмыс істеуге баулу, сұрақтарға жауап беру, өз пікірінді дәлелдеу, балалардың өз ойларын дұрыс тұжырымдауы үшін бізге осы білім беру технологиясын белсенді қолдану қажет", – деп атап өтті министр.

Сонымен қатар Асхат Аймағамбетов дебат қозғалысының дамуы қағаз жүзінде болмауы тиіс екенін атап өтті. Осы ретте баланың қызығушылығын туғызып, оған жеке қасиеттерін дамытуға көмектесу маңызды. Айта кеткен жөн, дебат турнирлерінің жеңімпаздары жоғары оқу орындары ректорларының гранттарын ала алады.

Научным коллективом Shakarim University разработаны безотходные холодные технологии и высокопроизводительное оборудование с низкими энергозатратами, дающие возможность, не исчерпывая природные ресурсы окружающей среды, расширить ассортимент доступной населению продукции.

# ИННОВАЦИОННЫЙ ПРОЕКТ НАУЧНОГО КОЛЛЕКТИВА SHAKARIM UNIVERSITY

Руководитель проекта Амиржан Касенов, доктор технических наук, проректор по науке и инновациям Shakarim University говорит, что «идеей проекта является разработка теоретических, экспериментальных и технологических путей совершенствования линии производства, позволяющей безотходно перерабатывать местные природные биологически ценные ресурсы».

Применение нового оборудования и технологий позволит снизить себестоимость выпускаемой продукции в несколько раз за счет сокращения энергозатрат, сокращения времени технологического процесса и повышения производительности, использования холодной технологии вместо высокотемпературной.

Создание конкурентоспособных отечественных высокоэффективных и экономичных технологий и технических средств для переработки природных биологически ценных растительных ресурсов будет являться реальным вкладом в индустриально-инновационное развитие Республики Казахстан.

Проект готов к коммерциализации и в настоящее время ведутся переговоры с бизнес-партнерами.

# АБАЙМЕН МАҚТАНУ ОҢАЙ, ТҮСІНУ ҚИЫН

***Шәкәрім университетінің «Абай және ұлттық руханият» ғылыми-зерттеу орталығының маманы, ф.ғ.к. Ақмарал Смағұловамен сұхбат***



***- Ақмарал Төлеуғазықызы, ең алдымен орталық туралы қысқаша айтып өтсеңіз.***

- Руханиятпен алаш атырабын сусындатқан тарихы терең өңір Семей жерінде, Шәкәрім университетінде Абайтану ғылыми-зерттеу орталығының жұмыс істей бастағанына үш жылдан астам уақыт өтті. Орталыққа белгілі әдебиеттанушы ғалым, профессор А.С.Еспенбетов жетекшілік етеді.

Уақыт талабынан ашылған ғылыми орталықтың басты мақсаты – Абай шығармашылығына жаңа көзқарас тұрғысынан тың пайымдау жасау, абайтану, шәкәрімтану, әуезовтану, әдеби өлкетану, алаштану, тіл, әдебиет мәселелерін зерттеу.

***- Абайтанудағы әлі де еңсерілмей жатқандары не деп ойлайсыз?***

- Абайтану – қазақ әдебиетінің арналы саласы. Ұлттық мақтанышымызға айналған ұлы ақынды тану ісінің қалыптасқанына ғасырдан астам уақыт өтті. Бүгінде кемеліне жетті, толысты. Дегенмен де Абайды танып болдық деп айта алмаймыз. Себебі әр уақыттың, әр қоғамның өз сұранысы бар. Соған сай Абайды тану да өрістеп дами бермек. Бұл – уақыт талабы. Абай мұрасы – мәңгілік, Абай айтатын рухани ой – өміршең.

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынов «Абай сөздері жалпы адамның түсінуіне ауыр екені рас. Бірақ ол ауырлық Абайдың айта алмағанынан болған кемшілік емес, оқушылардың түсінерлік дәрежеге жете алмағанынан болатын кемшілік. Олай болғанда айып жазушыда емес, оқушыда», - дейді.

Иә, Абай ақын айтпаған, ой толғамаған тақырып жоқ. Ал біз, қаншалықты Абайды дұрыс таныта алып жүрміз. Міне бүгінгі абайтанудағы ең өзекті сұрақ.

Абай қазақтың ғана емес адамзаттың ақыны ұлы ақын, кемел ойшыл дейміз. Иә, бұл теңеумен келіспейтін жан жоқ. Ал шетелдік Абай оқырмандары қаншама, кімдер оқиды, Абай аудармаларының сапасы қандай осы іспеттес сұрақтарға жауап іздесек абайтанудың көкжиегі кеңи түсер еді.

***- Жоғарыда айтқан ойыңызға қатысты тағы бір сұрақ. Абайды түсіну үшін, таныту үшін нақты не істеу керек?***

- Абай айтқан ойды толық меңгерте алмай жатырмыз, бұл біздің бүгінгі қоғамның ең үлкен мәселесі.

Мұхтар Әуезовтің өзі: «Мен Абайды қалқып қана іштім» деген. Абай – ол терең ғұлама. Әрине Абайға қанша мақтау айтсақ жарасады, бірақ бүгінгі қоғамның талабы – сөзден іске көшу.

Қазіргі қоғамның сұранысына сай келетін, жастар сұранысын қанағаттандыратын дүниелер керек. Жас ұрпақ қазір неге қызығады? Ол – ақпарат. Қазір ақпараттың ағымы әлеуметтік желіде, нақтыласақ




смратфонда. Біз Абай, Шәкәрім, Мұхтар шығармашылығын сол сұраныска сай заманына сай икемдей білуіміз керек. Бұл тек абайтанушылар мен әдебиеттанушылардың міндеті деп қарасақ қатты қателесеміз. Кешенді жоба ретінде іске асырылса, әсіресе IT мамандарын жұмылдырсақ Абайды танытуда көш ілгерілей түсеріміз анық.

***- Абайды оқыту мәселесі туралы айтсаңыз?***

- Абайды оқыту өте күрделі. Әсіресе мектеп оқушыларының жас ерекшелігіне сай абайтану пәнін қалай оқытудамыз? Абайтану пәнін мұғалім қалай оқытып жатыр, оқушылар дұрыс түсіне алып жүр ме? Бұл сұрақтар абайтанудың ең басты мәселелерінің бірі. Жасыратыны жоқ, орта мектепте Абайды оқытқанда ақын өлеңдерін жаттау немесе шығармашылығына қатысты слайд жасаудан оқушылар әлі аса алмай жатыр.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев: «Алдағы уақытта гуманитарлық пәндердің бөлінбес бөлшегі ретінде «Абайтану» курсын оқыту мәселесін қолға алу керек. Жаңа




философиялық және саяси ұстаным тұрғысынан «Абайтану» оқулығы мен хрестоматиясын әзірлеу қажет», - деген нақты міндет қойды.

Осыған орай 5-11 сыныптарға арналған «Абайтану» пәнінің оқулығын дайындау туралы арнайы шешім шығарылды. Біздің ғылыми-зерттеу орталығының мамандары оқулық әзірлеуге мектеп мұғалімдерімен бірге атсалысты. Бүгінгі таңда оқулық сараптамаға ұсынылды.

Ал Шәкәрім университетінде «Абай әлемі» деген пән оқытыла бастағанына біраз жыл болды. Осы пәнді оқу орнының барлық мамандықтарында оқытуды қолға алсақ. Болашақ маман, жас ұрпақ Абай даналығын өз қажетіне жарата алса, өмірлік азық болары сөзсіз.

***- Сөз қорытындысы ретінде, орталықтан жарық көрген еңбектер, олармен оқырман қауым қайдан таныса алады?***

- Шәкәрім Құдайбердіұлының 1911-1935 жылдары жарық көрген 7 кітабының факсимилді басылымы дайындалып, оқырман қауымға жол тартты. Сондай-ақ «Абай әлемі» сериясы кітаптар топтамасы жобасы аясында Шәкәрім ақынның 2 томдығы дайындалды. Орталық мамандары әзірлеген «Алаш» сериялы кітаптары да оқырман қауым тарапынан зор сұранысқа ие болуда.

Сонымен қатар, Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жылдық мерейтойына орай «Абай әлемі» сериясымен Абай Құнанбайұлының 1909 жылғы өлеңдер жинағының репринттік басылымы, «Абайтану. Таңдамалы зерттеулер» бес том, «Абай әлемі» сериясымен «Абай және ақын шәкірттер мұрасы» төрт том, Турағұл Абайұлының «Әкем Абай туралы» естелігі қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде оқырманына жол тартты.

Бұл кітаптар университет кітапханасында, Абай кітапханасында бар. Қызыққан, ізденген адам сол жерден таба алады.

Сөз түйіні ретінде айтарым, университеттегі «Абай және ұлттық руханият» ғылыми-зерттеу орталығы студенттер мен магистранттарға, жалпы жас зерттеушілерге кеңес беруге әзір.

***Жансая ТӨЛЕУҒАЗЫ***



# ҚАСІРЕТ ҚҰРСАУЫ (Кеңестік құрсау)

Қазақ халқының күйісін кетірген, қаңғыған итті жеуге мәжбүрлеп, ауызын бұлғаған қайран 1 жыл... Большевиктік эксперимент қуыршағына айналған 1932-1933 жылдар...Тарихта «қан сасыған дала» атымен қалған ең ауыр заман. Жазықсыз төгілген жас, шайқалған тағдыр көріністері.

Осыдан 89 жыл бұрын байлардың көзін жою, көшпелі шаруаларды отырықшылыққа күштеу, қара халыққа жаппай салық салу, мүлігін тартып алу істері жүргізілді. Салдары қазақ даласындағы ашаршылыққа әкеп тіреді. 1926 жылғы санақ бойынша Қазақстан тұрғындары 7 млн-ға жуық, оның шамамен 4млн-ы қазақ ұлты болған. Қолдан жасалған аштық себебінен оның 2 млн 300 мыңы қырылып, босып кеткендер 1 млн 70 мыңды құраған. 40,5 млн бас малдан 4,5 млн бас мал қалған. Бұл сол замандағы демографиялық және экономикалық апат еді.

Шындықты ашық айта білген және қоғам үшін қызмет еткен тұлғалардан қорыққан билік жаппай қудалауды бастады. Ұлт зиялылары жанұясынан, Отанынан жыраққа кетті, кейбіреуі мәңгілікке қоштасты. Тарих беттерінде Алжир деп аталған лагерьде ұлт қайраткерлерінің әйелдері жазаланды.

Аяқ асты құлдыраудан туындады деуге келмейтін зұлмат уақыт аралығын «басшылықтың мазағы» деп атар едім. Жұрт қалыпты тұрмыстан айырылды, соңғы рет қарындарының қашан тойғанын ұмытып, ақырғы демдерін үреймен күтті. Азық таппаған ата-ана бесіктегі әлдиин құрбан етіп, өмір бойғы кеудесіндегі өксік пен өкінішке айналды. Тапқанын жеумен күн көрген халық, тартып жеуге көшті.

Нәубет күндерді бастан кешіріп отырған халық тұрмыстық жағдайын басынан бастаудан жалықпаған. Сол уақыттағы төзім мен еңбекке деген ұмтылысқа қайран қаламын. Ұлттың жойылып кетпеуі сын мен мазаққа, төңкеріс пен азапқа ақылмен жауап қатуы деп білемін. Мұның барлығы орын алмаған жағдайда, бүгінде Қазақстан дамыған, халық саны жоғары мемлекет болар ма еді бәлкім?!

Бабалар батырлығының арқасында 1991 жылы тәуелсіз елге айналдық. Әр азамат азат болды. Бақытты күндері аз болғанымен ұрпақ үшін қайтпаған тұлғаларға мәңгі тағзым ету мақсатында 1997 жылы ҚР Президентінің жарлығымен 31 мамыр-қуғын-сүргін және аштық құрбандарын еске алу күні болып жарияланды.

***Айым ШӘРІПХАНОВА***
***«Shakarim Press» жас тілшісі***

# МЕЙІРІМ КЕРЕК АДАМҒА!



Мейірімділік – адам бойындағы бағалы қасиеттердің бірі. Адамның өзге біреуге шынайылығын көрсету, ізгі ниеті мен лебізін білдіру көрінісі. Мейірімділік халық пен ұлт арасындағы сыйластық, кең пейілділік, қамқоршылық, адамгершілік сынды қасиеттерге негізделеді.

Абай атамыздың қара сөздерінде «Тірі адамның жүректен аяулы жері жоқ» деп жазылған. Бұл қасиет адамдармен, жануарлармен, табиғатпен қарым-қатынаста байқалады. Мейірімділік – қоршаған ортаға қамқор болу дегенді білдіреді. Алайда адам баласының бәрі мейірімді ме? Неліктен қазіргі заман қатігездік пен зұлымдылыққа толы!?

Адам бойындағы мейірімнің жоғалуы – қазақтығымыздың жоғалуымен тең. Қандай заман, қандай алапат күндер болмасын бір-бірін қолдап, тастамаған халық ұрпағымыз. Қазір, бейбітшілік заманында барлығы керісінше. Адам өлтіру, ұрлыққа түсу, адам зорлау, төбелесу. Мұның бәрі, сіз бен біз болып сенген жас ұрпақтың әрекеті.

Ата-анасын ешқашан жылатпаған халық, қазір аяусыз қарттар үйіне тапсырады. Сәбиді туа сала жол бойындағы әжетханаға тастап, жетімдерді шырылдатып балалар үйіне тастап жатқан безбүйрек ата-аналар көбеюде. Ата-ананың қамқорлығынсыз қалып, мейірімін сезбеген сәбидің болашағы әрине, барлығын алаңдатады. Сондай қатігездікке жол беріп жатқан адамдарды не билейді?

Қазіргі кезде қоршаған ортаның экологиялық жағдайы кімді болса да толғандыратын проблемаға айналып отыр. Табиғат – тіршілік атаулының алтын ұясы, құтты қонысы және аяулы бесігі. Адам – табиғаттың бір бөлшегі. Бірақ табиғаттың өзі де жылу мен қамқорлықтан құр қалды. Адамның қоршаған ортаға деген әсері, айналаға қауіп төндіретін күйге жеттік. Қолыңа түскен қағазды көрінген жерге лақтырып, жаға бойында күніне жүздеген адам қоқыс тастап кетеді. Сондықтан да біз, қайсымыз болсақта, біздің міндетіміз де адамдардың экологиялық ойлауын дұрыс жағынан қалыптастыру. Табиғат – адамның бойына қуат, көңіліне шабыт әкелетіндігін түсіну өте маңызды. Қысқаша айтқанда, адам баласы Табиғаттың ең ұлы перзенті болумен қатар, ең ұлы қамқоршысы да екендігін ұмытпауымыз керек.

Қандай қатігездік, қандай зұлымдық жаса са да, көп жағдайда бала кездегі тәрбиеден басталады. Әр баланың бойына өзге адамдарға, ата-анасына, табиғатқа деген мейірімді сіңдіру өте маңызды әрекеттердің бірі. Балаңызды, бауырыңызды кішкентайынан жағымды ойлар құруға үйретіңіз. Үйретуден бөлек, барлық нәрсені өзіңізден бастап, үлгі көрсетумен жұмыс жасаңыз. Сол кезде сәби жасынан бастап, әр адам мейірімділік жасауға ұмтылып, өзге біреуге қамқорлық етуге тырысатын болады.

***Аружан МАҒАТ***
***«Shakarim Press» жас тілшісі***

# СЕМИНАР-ТРЕНИНГ «РАЗВИТИЕ ШКОЛЬНЫХ ДЕБАТОВ»

***В Shakarim University прошел семинар-тренинг для преподавателей на тему «Развитие школьных дебатов».***

Еще в начале года Министр образования и науки РК Асхат Аймагамбетов сообщил, что в школах, колледжах и вузах страны будет возрождаться дебатное движение. Shakarim University проявил инициативу в данном направлении и стал центром развития дебатных движений в городе Семей.

Открытие семинара-тренинга началось с приветственных слов директора Департамента социальных вопросов и молодежной политики Максата Карибаева и специалиста отдела образования города Семей Айдара Абдулхамитова.

Аружан Таубекова – координатор Конгресса ИДК и Айым Еркин – член Парасат ИДК рассказали об истории дебатов в вузе, а также о достижениях членов интеллектуальных дебатных клубов при Shakarim University.

Координаторами семинара-тренинга выступили победители Республиканских дебатных игр Куаныш Молдакашев и Рахим Куатжанов. Ими была прочитана лекция «Формат дебатов» на казахском и русском языках.

Основной задачей мероприятия является развитие у молодежи мыслительных, поисковых навыков, привитие культуры публичного поведения, формирование культуры речи будущих профессионалов.

Данный семинар-тренинг является только началом, а в дальнейшем будут организовываться дебаты в различных школах с участием ответственных преподавателей.

***Медиа-центр университета Шакарима***

# ҚУАТ ҚИЫҚБАЙ: «АБАЙДЫ ТАНУ –



***- Қуат аға, өзіңіз бірнеше салада қалам тербеп жүрген жансыз. Ел сізді филолог, журналист, жазушы деп таныса, сіз өзіңізді қай қырыңыздан танисыз?***

- Сұрақ шынымен өте күрделі, мойнымызға үлкен жауапкершілік артатын сауал. Қай қырынан дегенде, өнерге, руханиятқа құлшынып қызмет етіп жүргеннен кейін жазушы деген сөздің жауапкершілігі жоғары. Жазушы дегеннен гөрі журналист, тілші деген атаудың өзі биік марапаттай көрінеді. Неге десеңіз, ең алғаш біз өлең жазып, әңгіме жазып жүрген кезде ол дүниелеріміз жарық көрген жоқ. Ал, 18 жасымыздан осы қалалық, облыстық деңгейдегі газеттерге мақалаларымыз жариялана бастады. Қазір де журналист Қуат Қиықбай деп таныстырып жатады. Осы атау өзіме ыстық, себебі ең алғаш журналист болып танылдым. Шыңдап келген кезде журналист, жазушы, филолог дегеннен бұрын ең алдымен адаммын. Өнерді, руханиятты, әдебиетті насихаттаушы адам.

***- Шығыстағы қарашаңырағымыз Шәкәрім университетінің түлегісіз. Оқу ордамыздың сіздің өміріңізде алар орны қандай?***

- Шәкәрім университеті мені биік белеске көтерген, жан дүниемді байытқан, өмірімді мүлдем басқа арнаға бұрған қасиетті шаңырақ. Мені рухани дамытты, көкірегімді оятты, танымымды кеңейтті. Өзімнің ұстанып жүрген позицияларымды, көзқарасымды өзгерткен оқу ордасы. Осы шаңырақта, осы ортада жүріп журналистикаға, жазушылыққа бет бұрдым, сіз айтқан тіл маманы ретінде өзіміздің танымымызды байытуға күш салдық. Оған сол кездегі орта әсер етті деп ойлаймын және осы ортаның әлі де сақталғандығы қуантады. Егер мен Шәкәрімде білім алмасам бүгінгі күні мен ешқандай жетістікке жете алмас едім. Университет қабырғасында менің ең алғашқы кітабым жарыққа шықты, ең алғашқы әңгімелерім жарияланды, әдеби байқаулардың лауреаты атандым, сахналық шығармаларымның бірі «Мазасыз маусым» сахналанды. Өмірімде үлкен биік белеске көтерген де осы оқу ордасы.

***-Университет қабырғасында жүргенде өзіңіз үлгі тұтқан ұстаздар бар ма?***

- Үлгі тұтар ұстаздарымыз көп болды. Биік белеске шығуыма Шәкәрім университеті қалай әсер етсе, сол тізімде студенттерді өзінің қамқорына алған ұстаздарымыз да бар. Олардың алдыңғы қатарында көненің көзіндей, көмескіленген сөзіндей болған жасы үлкен ағаларымыз – Қинаят Шаяхметұлы, Арап Сіләмұлы, Мұрат Тілегенұлы, Мұхит Төкенұлы, Айман Омарханқызы, Айман Советқызы, Раушан Қойшанқызы сынды ұстаздарымды атап айтқым келеді. Бұл кісілер біздің әр жақсы жаңалығымызға жандары жадырап қуанса, біздің жанымызды жаралаған келеңсіз сәттерге бізден артық күйінетін. Арап Сіләмұлы бізге 3 курстың басында «ХХ ғасыр басындағы әдебиет» деген пәннен лекция оқыды. Сонда кабинетке ағамыз кіріп келген кезде ерекше өзіндік аура сезілетін. Мен ол кісі көзі тірі болғаннан кейін жәй ғана мақтап отырғаным жоқ, шын мәнінде сондай болатын. Лекцияны өзінің табиғатына, мінезіне сай жеңіл бастайтын, күлдіртіп, әзілмен өткізетін. Біз кейде көсемсіп, артық сөйлеп кеткен сәттерде, «Әй, басеке, осымен қоясың-ау» деп орнынды біл деген сияқты қылып айтатын. Бұның астарында студенттің дандайсып сөйлемеуі, алғы шепке түсіп кетпеуі сынды дүниелерді ақырын астармен жеткізетін. Қинаят Шаяхметұлы ұстазымыз «Үркер», «Қазақ әдебиеті», «Жұлдыз», «Ертіс өңірі» газеттерінің барлығын қарап отырады да әмбе соған біздің өлеңдеріміз, мақалаларымыз шықса соны оқып, дұрыс-бұрысын талдап беретін. Мен сонда ол кісілердің зердесіне таңқалатынмын. 70–ке жақындап шақтары ғой сол кезде.

Олардың алдында біз сияқты шығармашыл жас студенттер көп болды. Бірақ сол жастардың мақалаларына қарап, әрқайсысына ден қою, жастарды қайрауы өте керемет болатын. Мен ұстаздарым туралы таңды-таңға ұрып, сағаттарды созып айтуыма болады. Маған берген тағлымы, тәрбиесі мен жер басып жүргенше менің жүрегімде сақталады.

***- «Мазасыз маусым» атты шығармаңызды Шәкәрім университетінің «Қарагөз» студент-жастар театры сахналады. Осы шығарманы жазуға не шабыттандырды?***

- Бұл шығарманың негізгі жанры комедия ғой. Біз биылғы жылы мұны музыкалық комедия деп өзгерттік. Студенттердің өмірінен сыр шертетін драмалық шығармалар жоқ емес, бар. Пьесалар да жетерлік. Көбісі драма, трагедия жағына бейімделіп кеткен. Студенттік шақ деген өзі шынымен мазасыз күндер ғой. Осы шығармаға шабыттандырған отты жырымен оқырмандарының жүрегін жаулай білген Айбек Сапышев деген ағамыз еді. Сол кісі екеуміз бір күні сөйлесіп отырған сәтте, «- Сенің кітабың шықты. Шығармаларыңды оқыдым, ұнады. Енді сен шын мәнінде талант болсаң студенттер өмірінен сыр шертетін комедия жазып шық» - деді. Осындай сұхбат барысында айтылған сөз ғой, келісіп, сөйлесіп болған соң, біраз уақытқа қалып қалды, бірден жазыла қойған жоқ. Сөйтіп жүрген кезде бұл бір деммен 3 күннің ішінде жазып шықтым. Бізде өз көбінде өз ісінің мамандары елеусіз қалып қойып жатады ғой. Философия пәні мұғалімінің образы, ішкі жан дүниесі, комендаттардың бізге ұрсып жүретіндігін жақтырмаймыз, бірақ шын мәнінде ішіне қарай үңілсеңіз, ішкі әлемі тіптен жарқырап тұрады.

Сосын, гуманитарлық факультеттің студенттерінің образын келтіргенде Шырылдауық Шынар, Дариғаш, Академик-Ақылтай, Пушкин-Парасат, Дантес-Дарын – бұлардың барлығы студенттердің тілімен қойылған лақап аттар болатын. Сонысымен де біраз ағаларымызға, ұстаздарымызға ұнады. 2014 жылы ең алғаш сахналанды. Ол кезде де көрермендер жақсы қабылдады. Ал, биылғы сахналаудың орны өте ерекше деп білемін. Жаңа леп әкеліп, біздің қатарластар емес, бізден 10-15 жас кіші студенттер сомдап шықты. Олардың өздеріне тән аурасы, өздерінің табиғатымен ерекше болып шықты.

***- Қазіргі таңда Абай музейінде жұмыс істейсіз. Негізінен Абайды насихаттаушы, Абайды танушы деп атасақта болады. Осы тұста бір сұрақ туындайды. Неге Абай? Неге мұхтартанушы, шәкәрімтанушы емес?***

- Ия, өте дұрыс айтып отырсыз. Бірақ, біз Абайды көп насихаттауымыз қажет. Біз Абайды айту арқылы бүкіл қазақтың болмысын, мәдениетін, өнерін, рухани қазынасын, байлығын, күллі Алаш баласының мүддесін насихаттаймыз. Біздің мүддеміз, Абай арманымен, мұратымен үндесіп жатуы қажет үнемі. Абай өзі қазақ руханиятының бастау-бұлағы десеңіз, Абайды насихаттап бастасаңыз, оның айналасы өзімен-өзі насихатталып кете береді. Өйткені, Абайды айтып келе жатып, оның алдын көрген, шәкірті болған Шәкәрімнің шығармаларын, әдеби мұрасын насихаттап кетесіз. Абайды айту арқылы Ақылбай, Мағауия, Көкбай, Әсет, Әріп, Уәйіс, Әубәкір сынды Абайдың әдеби ақындық өнер мектебінің көрнекті өкілдерінің шығармаларын айта жөнелесіз. Абайды тану дегенде біз тек қана шығармаларының атын айтып, қарасөздері бар деп қана айтамыз, ал шын мәніде біз оның ішіне енуіміз керек. Біз қазір мотиваторларды көп айтамыз. Өмірге деген, кәсіпке деген көзқарасымызды өзгертеді деп ойлаймыз. Осы өмірге деген құлшынысты арттыратын сөздердің бәрі Абайда бар. Ыстық

# ӨЗІҢДІ ТАНУ»

қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек, еңбек – барлығы да бар. Қазіргі интеллектуалды білім бұл – нұрлы ақыл, жылы жүрек – рухани даму, ыстық қайрат – физикалық даму, маттериалдық даму – бұл «еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей».

Абайды оқысаңыз, Абайды насихаттап жүрсеңіз – өзіңізде адаспайсыз. Ұлт етіп ұйыстыратын, Алаш деп бір ортақ мүддеге жиыстыратын үлкен идеяның бәрі Абайда. Абайды айту арқылы сіз қазақтың салтын, бағзы замандағы этнографиясын таныта түсесіз. Өйткені, біз Абайды ұстаз, ағартушы, ақын, хаким ретінде айтамыз ғой. Шындап келгенде, біздің мәдениетімізге, қазақтың дәстүріне де үлкен ден қойған. Тіпті, өзі 1885 жылы Семей қаласында ашылған өлкетану музейіне этнографиялық заттар өткізген. Абай «мен ақынмын» деп араласпай жүре беруіне болар еді ғой. Бірақ, қазақтың мәдениетін, сан ғасырдан бері сақталып келе жатқан салтын, дәуір көшінен дәріптеліп жеткен дәстүрін баршаға үлгі етіп көрсетті. Онымен қоса, күллі Алаш баласын ақылға, білімге, ғылымға ұмтылуы керегін үндеді.

Абайтанушы, музей қызметкері деп айтып жатырсыз, осы жерде маған ыстығы «Абайды насихаттаушы» деген дұрыс. Мен Абайды сізге, сіздің қатарластарыңызға ғана насихаттап емес, мен Абайды үйде айтуым керек. Абайды балама сіңіруім керек. Абайды, Абай рухын өзімнің жолдастарыма сіңіруім керек. Біреумен сұхбаттас, пікірлес болсақ та Абайды айтуымыз керек. Абайды тану арқылы – адамды танисың, адамды тану арқылы - өзіңді танисың. Өзім үшін қиналған сәтте, жол таппай жаным шырылдаған сәтте Абайды оқимын. Абайды бұрыннан оқимын деп айта алмаймын, өзімде жоқ нәрсені Абайдан тауып, Абайға үңілгеніме нақты 2-3 жылдың мұғдарында ғана болды. Бізде бұрын үлкен кісілер, Төкен Ибрагимов, Тұрсын Жұртбай, Мекемтас Мырзахметұлы сынды үлкен ағаларамызбен кездесуде отырған кезде, «Абаймен мұңдасам, Абаймен сырласам» деген кезде, сол сөздің тереңіне жетпей, дүдәмал ойда қалатын едік. «Бұл қалай сонда?» деген сұрақ туындайтын. Ден қойып, шын мәнінде Абайды оқысаңыз, оның нұрлы ақылы, сәулелі сөзі жол көрсетіп отырады.

***- Өзіңіздің әдеби әлеміңізге ауыссақ. Шығармашылығыңызда қандай жаңалықтар бар?***

- Жақында бір «Көрші» деген әңгіме жазып қойдым. Көрші дегенде жаныңызда тұратын, бірге отырған кісі елестейді ғой. Ол да бар. Сосын «көрші» дегенде оны көру, оған үңілу дегенді де айтып тұр. Көршінің бойындағы артықшылықтарды өз бойыңнан таба аласың ба, кемшіліктерін өзіңнен көре аласың ба деген идеяда жазылған дүние. Қала тұрғынының басынан кешкен оқиғалары ғой. Одан бөлек, әдеби мақалаларды да дайындап жатырмын. Шетел жазушыларының, әлем әдебиетінің озық үлгілерін аударып жатқан жайым бар. Енді, қазақ әдебиетінің қазынасына қосылса деген ой ғой.

***- Артыңыздан ерген жас шығармашыл жастарға айтарыңыз?***

- Біз де студент болдық, ең алғаш білім нәрімен сусындауға ниет етіп жүрген кезде ағаларымыз ақыл айтатын. Адам баласы сол ақылды, насихатты, жақсы сөзді ақылының көптігінен, көп білгендігінен айтпайды екен. Ақыл деген нәрсе өзің жасаған қателікті басқалар қайталамаса екен деген оймен айтылады. Менің бар айтарым, студенттік шақ деген адам өміріндегі ең бақытты, ешқашан қайталанбайтын шақ. Мен қазір университет қабырғасына барсам, сол сәттер есіме түседі. Мен қайтадан оқуға түсуге мүмкіндік алармын, бірақ мен дәл сол кездегі сезімді сезіне алмаймын. Бұрынғыдай 18-20 жасыма қайта алмаймын. 40 жасымда барсаң да тура сол нәрсені сезіне алмайсың. Сондықтан мен айтар едім, студент боп жүрген кезде ең бірінші білімге, ғылымға ұмтылуы керек, өнерді, мәдениетті тануы керек. Бірінші, рухани жан дүниесін, ішкі әлемін байытуды алға қою керек. Екінші адал дос болуы, мейірімді, адал жар болуы керек.

***Зарина КӘП***
***«Shakarim Press» жас тілшісі***

# ҰЛТ САНАСЫН ОЯТҚАН - ҰЛЫ АБАЙ



Қазақты алғаш қазақ ретінде таныттқан, әлем білетін, ерекше тұлға Абайдың бар өмірін баян ету бір сөзге сыймайды. Ұзақ өмірінде Абайдың азамат арманынан туған, талан-тартысынан туған, ақындық, даналық қалып-қасиетінен туған бірнеше биік-биік белдер бар.Ерекше өмір жолында Абайдың ақындығы да,бос тірлігі де, өмірдегі жол тартысы да, тарихтың үлгілі елеулі үлгілі жемісі түгел танылады.Абайдың Абайлық бітім кескінін,тарих тұлғасын танытқан қасиеттері бар. Оның жас жігіт шағынан өмірінің соңына дейін әр алуан болып,айқындалып шығып отырды. Жекелеп санасақ, жас кезіндегі өмірлік, азаматтық ең бірінші ерекшелігі, «Әкенің ұлы болмай,халықтың ұлы боламын деген тартысында, әкесінің баласы адамның дұшпаны,адам баласы – бауырың»деген ой. Абайдың сөзі ғана емес, адамгершілік, гуманистік жолы да болатын.

Арлан бөрінің соқпағына бөлтірік бөрі арқылы көптігінен түспейді, бөлтірік табиғатынан деп білген Абай,жасында әкеден қол үзгенде ел үшін, ел көшіне, тарих көшіне соны қоныс, тың өріс табу үшін қол үзген, кеткен екен. Оны өлеңдерінде де, ісінде де арман етті. Жуан бел надан, содыр ру басылардан бөліне кеткен бетінде бірден халықты,халықтың мұңын тапты.Сол халдықтың жоғын берер жаңалықты іздеді. Жеке қазақ тарихы мен топырағынан іздеген жоқ, үлгілі көрші елдер-өнерлі орыс халқынан іздеді. Орыс халқының қазынасына өз халқының қолын, жолын жеткізуді мұрат етті. Орыс халқының өткен тарихынан, өзі тұстас тірісінен өзіне де, жұртына да дос, көмек тапты.

Қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Абай ауданы сырт Қарабұлағында дүниеге келген ақын заманының ащы шындығын толғана айтты. Ол өзінің әкесі Құнанбайдың да әділетсіз тұстарын баса көрсетіп, қаталдығымен келіспеді. Әкесінің ырқына көне бермей, өз шешімін әділ жасауды да мақсат етті. Абайдың «Ғылым таппай мақтанба», «Дүниеде өзі, мал да өзі» сынды өлеңдері бүгінгі ғасыр жастарына арнап айтқандай екендігін сеземін. Классикалық ақын шығармаларының эстетикалық, адамгершілікқоғамдық мәні бүгінгі шындықпен ұштасады.

